

Тіркелген жиынтық салық ставкасын және біржолғы талондар құнының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 66/11 шешімі. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 55 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 қазандағы N 85/22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 11.10.2013 N 85/22 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабына сәйкес және Ақтоғай ауданының салық басқармасының 2009 жылғы 27 қаңтарда өткізген хронометраждық бақылаудың және зерттеудің күнбелікті орташа көрсеткіштері негізі бойынша, аудандық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Бір жолғы талон құны бір күн үшін келесі көлемде белгіленсін:

- 1) тұрғындарға тауарларды сату қызметі үшін:

өнеркәсіп тауарлары	-	120	теңге;
азық-түлік тауарлары	-	100	теңге;
ет, сүт сату	-	100	теңге;
шекілдеуік	-	20	теңге;
ізбес тас	-	25	теңге;
газет-жұрналдар сату	-	20	теңге;

тұқымдар, бау-бақшаға отырғызылатын материалдар (екпелер, көшеттер) - 50 т е ң г е ;

бақша тұқымдастар - 200 теңге;

үй жанындағы жер телімінде өсірілген гүлдер - 30 теңге;

ауыл шаруашылығы, бау-бақша және саяжай өнімдері – 50 теңге;

үй жануарлары үшін азық сату:

ш ө п - 300 теңге;

астық қалдықтары - 200 теңге;

сыпырғыштар, тоғай жидектері, саңырауқұлақтары - 60 теңге;

ағаш дайындау және сату - 150 теңге;

2) тұрғындарға қызмет көрсету бойынша:

жеке тракторлар иелерінің жер учаскелерін өңдеу және шөп шабу қызметі -
2 5 0 т е ң г е ;

автокөлік құралдарын айдап әкелу қызметін көрсету:

жақын шетелден - 500 теңге;

алыс шетелден - 1000 теңге;

үй құстарын және жануарларын бағу қызметі:

елді мекендер жерінде(күндізгі) - 70 теңге;

маусымдық орналастыру бойынша:

ж ы л қ ы - 250 теңге;

І Қ М - 150 теңге;

Ұ Қ М (қ о й) - 75 теңге.

2. Ай сайынғы салық салу бірлігіне тіркелген салық ставкасы белгіленсін:

бір ойыншы мен ойнауға арналған ұтыссыз ойын автоматы 1 АЕК;

бірден көп ойыншы мен ойнауға арналған ұтыссыз ойын автоматы 1 АЕК;

ойын жүргізуге пайдаланатын компьютер 1 АЕК;

б и л ь я р д с т о л ы 3 А Е К .

3. Аудандық Мәслихаттың (4 сессия,3 шақырылым) 2004 жылғы 12 қаңтардағы "Бір жолғы талондар құны мөлшерін бекіту туралы" N 12/4 шешімінің, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі мемлекеттік реестрде тіркелген 2252, күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Мәслихат хатшысы:

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Т.Мұқанов